

**Семинардың тақырыбы:** Теледидар тілінің стилі, ерекшелігі

**Семинардың мақсаты:** Теледидар тілінің стилі, ерекшелігін меңгерту, теледидар жанрларын талдау.

Қандай қоғамдық құрылыс, саяси жүйеде болсын, оның даму тарихында бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) рөлі өте зор. Өйткені қоғамның саяси-әлеуметтік, рухани-экономикалық өмірін күнделікті ақпарат тарату қызметінсіз көзге елестету мүмкін емес. Ал бұқаралық ақпарат құралдарының арасында теледидардың, баспасөздің қызметі қоғам үшін өлшеусіз екені белгілі. Себебі, теледидар арқылы берілетін бағдарламалар қоғам өміріндегі өзгерістерге уақытымен үн қоса отырып, сан мыңдаған көрермендермен тікелей жүздесіп, оның рухани ой санасына қозғау салып зор ықпал етеді. Яғни, тележурналистер теледидар хабарлары арқылы өмірдегі құбылыстарға баға бере отырып, оларға талдау жасайды, кемшіліктерді жою жолдарын ұсынады, пікірлердің тууына ықпал етеді, бұл ретте баспасөздің де маңызы зор. Демек, бұқаралық ақпарат құралдарының ақпарат тарату көзі ғана емес, күн өткен сайын халықтың, мемлекеттің саяси, қоғамдық мінбесіне айналғандығына көз жеткізуге болады. Қазіргі қоғамда ақпарат жеткізу құралдарының негізгілерінің бірі – баспасөз болып табылады. Яғни, белгілі бір мемлекетте теледидар болсын, баспасөз болсын сол елде өмір сүретін халқына нақты, терең зерттеліп талданған ақпараттарды беріп өз көзқарастарын жеткізуі тиіс. Бұл жөнінде еліміздің президенті: «Бізде телевизия мен радио қазіргі техникалық дәрежеге ие болып, тез дамып келеді. Олар ақпараттың біздің адамгершілік байлықтарымыз бен мәдениетімізді насихаттау мен арттырудың әмбебап құралы ретінде өмірге берік енеді. Теледидар – құрылымдық-функционалдық аспект. XX ғасыр – автомобиль, компьютер атом ядросының азайтылған, ғарыштық кеңістіктің игерілген ғасыры. Шындығында жоғарыда аталған ғылыми техникалық революцияның көптеген жетістігінің бірде-бір бүкіл адамзат тұрмысының ұғымына тез сіңген жоқ. Оның түбегейлі дамуына да әсер еткен жоқ. Ал теледидар көрсетілімі яғни көпшілікке арналған бұл жаңалық бірден адамзатты баурап алды. Мұнда жақсылық жағына қарай өзгеріс жасалғаны анық байқалып тұр». Бүгінгі өмір сүріп отырған кезеңіміз ғылым мен техниканың дамып, жетілген кезеңі. Бұл құбылыстың дәлелін біз бүгінгі бұқаралық ақпараттарды тарату құралдарының пәрменділігінен көруімізге болады. Қазіргі кездегі бұқаралық ақпарат құралдарының оқылатын (визуалды) мерзімді басылымдар, тыңдалатын (аудиалды-радио), әрі тыңдауға, әрі көруге болатын (аудиовизуалды, теледидар, деректі кино) болып үшке бөлінеді. Бұлар бір-бірінен тек коммуникативті құрылымдарымен ғана ерекшелінеді, ал функционалдық құрылымдары бір-біріне ұқсас. Бұқаралық ақпарат құралдарының, соның ішінде электронды БАҚ құралдарының бүгінгі күні ана тіліміздің дамуына тигізер әсері мол. Қазіргі қоғамдық өмірдегі ең пәрменді бұқаралық насихат құралдары-радио, телевизия, газет болса осылардың бүгінгі таңда тілдік тұрғыдан зерттелуі тең

дәрежеде емес екендігін баса айтып кетуімізге болады. Бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі лингвистикалық тұрғыдан ең көп зерттелген сала деп мерзімді басылымдар тілін айтуға болады. Мұның себебі БАҚ құралдарының ішінде қоғам өміріне алғаш енген насихат құралы осы мерзімді басылым. Бұл құбылыс қоғамдағы ғылыми-техникалық революцияның даму тарихына тәуелді. Себебі, қоғам өмірінде алғаш насихат құралдарының қарапайым түрлері пайда болса, біртіндеп олар күрделеніп ақпарат таратудың электронды түрлері радио мен теледидар пайда болды. Ал ақпарат тарату құралдарынан зерттелу жағынан кенже қалып келе жатқан сала ретінде радио мен теледидар тілін айтуымызға болады. Әйтсе де, бұл салалардың тіліне лингвистикалық тұрғыдан ғылыми зерттеу жұмыстары болмады деп айтуға болмайды. Қазақ тілінде теледидар тілін арнайы зерттеп жазылған лингвистикалық зерттеу болмағанымен, қазақ тілін зерттеуші ғалымдардың тіл білімінің телебағдарламаларға байланысты біраз мәселелерін қозғайтын мақалаларын баспасөз беттеріне кездестіріп келеміз. Бұқаралық ақпарат құралдарының ішіндегі теледидар хабарларының тілі жөніндегі мақалалардың басым көпшілігі 90-жылдардың екінші жартысынан бері қарай көбейіп келеді. Мұның бірінші себебі – қарапайым халық өміріне электронды ақпарат құралдарының жақын енуі дәл осы кезбен тұспа-тұс келеді. Екіншіден, 20-ғасырдың 90-жылдарынан кейінгі еліміздің егеменді мемлекет болуымен байланысты, ұлттық тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуы себеп болды. Яғни, жас мемлекетімізге ұлттық таным, ұлттық көзқарас қалыптастыру үшін, төл тілімізде мемлекет саясатын дұрыс бағытқа бұратын ұлттық арналар қажет болды. Ал бұл қоғамда аса маңызды қатынас құралы тіл арқылы, тілдің халықты ақпаратпен қамтамасыз ететін БАҚ-тағы ең пәрменді ақпарат құралы теледидар арқылы жүзеге асатын еді.

Қазақ журналистикасының бақытына орай, өткен ғасырдың орта шенінен бастап осы саланың ғұламалар қатарында кезеңінің кәсібіне берілген шынайы ғалымдары — Хайыржан Бекхожин, Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Марат Барманқұлов, Совет Масфұтов, Намазалы Омашевтар болды. Олардың әрбірі төл журналистикамыздың сан саласын теориялық жағынан жүйелей зерттеп, оны осы бағыттағы әлемдік, кеңестік зерттеулермен ұштастыра отырып, жаңа байлам, тың ойлармен толықтырып, ұлттық құндылықтармен шегендей отырып, байытты. «Біздің бүгінгі осы саладағы жеткен жетістігіміз, алған асуымыз осы алдыңғы толқындағы зерделі, ойшыл, тереңнен маржан іздеген кәсіби ғалымдарымыздың еселі еңбегінің жемісі. Оны ұмытуға да, жоққа шығаруға да болмайды. Саналы ғұмырларында, сарыла іздеген мақсаттарына жеткен ғұламалар соңдарына өшпестей мол мұра, зерлі дүниелер қалдырды. Сондықтан да олардың әрбірінің есімі әлдеқашан-ақ «отандық журналистиканың» тарихына «алтын әріптермен» мәңгілікке қашалып жазылған. Тележурналистика саласындағы еңбектері отандық және алыс жақын шетелдік ғылыми басылымдардағы әлденеше жүздеген зерттеулері, күнделікті газет бетіндегі мақалалары ғалымды кеңестік кеңістікке алып шықты». Танымал ғалым, ұлағатты ұстаз

Марат Кәрібайұлы Барманқұлов, 1961 жылдың желтоқсанынан 2000 жылдың мамырына, демек, өмірінің соңына дейін, 40 жылға жуық саналы ғұмырын, ұлы мұрат ұстаздыққа арнаған, өз саласының бесаспап маманы. Ғалым 28 жасында Мәскеуде кандидаттық, 44 жасында телевизия саласынан докторлық диссертация қорғап, 45 жасында профессор атанған, 300-ден аса ғылыми еңбектің, оның ішінде 22 монографияның авторы, артына өшпестей теңдесі жоқ кітаптар қалдырған ғалым. Қазақ телевизиясының тұңғыш комментаторы және репортёрі, жылжымалы телестанциямен студиядан тыс жерден, Алматы ауыр машина жасау зауытынан тұңғыш телерепортаж жүргізген журналист. Отандық телеиндустрияның барлық танымал саласында Марат Барманқұлов есіміне міндетті түрде тұңғыш деген сөз тіркеседі.

**Сөз жанрлары мәселесіне қатысты ең алғаш ғылыми тұжырымдамаларды ғұлама ғалым, филолог М.М.Бахтин еңбектерінен кездестіруге болады.** Бұл тілдік құбылысты ол әлеуметтік нақтылықты тілдік ақиқатпен байланыстыратын, қоғам тарихынан тіл тарихына итермелейтін қозғаушы категория деп есептейді.

**Жанр ұғымы кейбір ғылыми еңбектерде мәтін типі деген терминдік атаумен айтылып келеді.** Егер мәтіннің типтеріне, яғни, түрлерге ажырауының басты себептерін қарастыратын болсақ, онда оның тілдік бірліктері іріктеліп, сұрыпталып, топтасып қолдану ұстанымына байланыстылығы екендігі бірден айқын байқалады. Мәтіннің типтерге, түрлерге бөлінуі сөздің жанрларға жіктелетіндігін толық көрсетеді. Орыс тіл ғылымында жанр туралы зерттеулер өткен ғасырдың сексенінші, тоқсаныншы жылдарында басталған болатын. Жанр туралы ғылыми жүйеленген анықтама, ережелер әлі толық тұрақталған жоқ. Әдебиеттану тұрғысынан алып қарағанда «жанр – міндетті» түрлер ретінде қарастырылды, ал қазақ тіл ғылымында сөзтану ғылымы зерттелінбегендіктен, жанр мәселесі тіпті айтыла қойған жоқ.

**Жанр дегеніміз – белгілі бір газет, журнал материалдарының, радио, теледидар хабарының көріну, өмір сүру формасы.** Нақтылап айтсақ, болмыс-құбылысты жазып суреттеп айтып берудің, оқиға, фактілерді көрсетудің ғылыми белгіленген, жұрт таныған кескін-пішіні болады, ол «жанр» деп аталады.

### **Тележурналистика сөз жанрлары 3 топқа бөлінеді:**

1. **Ақпараттық:** телеақпарат, телеесеп, телерепортаж, телесұхбат (интервью), бейнесюжет. Олар фактілер мен құбылыстарды жедел көрсетеді.
2. **Аналитикалық:** корреспонденция, мақала, рецензия, хат, шолу. Оларда фактілер, оқиғалар, қорытындылар мен пікірлер зерттеледі және талданады.

3. **Көркем-деректі жанрлар:** очерк, суреттеме, эссе, фельетон, памфлет –ұғымдық, образды-көркемдік құралдарды біріктіреді, эмоционалдығы күшті болады.

Ал, М.М. Бахтиннің пікірінше, сөйлеу жанрлары дегеніміз, «айтушы үшін өзі жасамаған, оған берілген», «айтылымның берік тақырыптық композициялық және стилистикалық типтері», «сөйлеу тұтастығын жасаудың типтік модельдері». «Егер сөйлеу жанрлары болмаса сөйлеу қарым-қатынасының болуы мүмкін емес еді».

**Телеақпарат** – ең басты жанр, әрі ол экран кестесінің көп бөлігін алатын «Таңғы», «Күндізгі», «Түскі», «Кешкі», «Қорытынды» жаңалықтар екі тілде көлемі 20-30 минуттан беріліп жатады. Бекзаттық, жанжалдық хроника, саяси, экономикалық, әлеуметтік, спорт хабарламалары жаңалықтардың көп бөлігі құрайды. Жаңалықтардың молдығынан көрермендердің көпшілігі бүгінде хабардың алдында берілетін қысқаша «лидке» көңіл аударып, сол арқылы өзіне керекті деген тұстарға ғана назар салады. Бүгінде уақыт талабына сай ұлттық және тәуелсіз телеарналар жаңалық хабарларына аса бір мүдделілік танытуда. Іскерлік және саяси бағытты ұстанған телеарналар жаңалықты беру кезінде шыншыл, әділ, бейтарап бағдарды ұстанады.

**Бейнесюжет** – «заметка» «белгі», «қысқа жазба» шындықтан ашақ болмаса да, көңілге қонымдысы «бейнесюжет» деген атау. Журналист өз шығармасын неден бастайды? Жанрдың негізгі функциональдық міндеті өзекті жаңалықтарды хабарлау, әрі оның өзегінде қоғамды толғандырып отырған, шұғыл, қоғамдық мәнге ие дерек жатады. Оны айқындайтын белгісі ондағы жаңалық пен берілуіндегі қысқалық. Журналист үшін маңыздылығы оқиғадағы деректі көріп қана қою емес, ол жайлы баға әрі түсініктеме беру. Бейнесюжеттің кең тараған қысқа түрі хроника әлде жаңалық болып табылады.

**Хроника** – тарихи оқиғаны реттілік жүйелілікпен беру жайлы жазба. Сондықтан журналистикадағы хроника – дерек төңірегіндегі қысқаша хабарлама.

**Телешолу.** Телевидениедегі журналистік мамандықтар тізімінде репортёрден, комментатордан кейін шолушы тұрады. Осы қызметтің болуы телевидениеде бұл спецификалық жанрдың нығайғанын көрсетеді.

**Шолу** – сараптамалық публицистиканың тұрақталған, дәстүрлі түрлерінің бірі. Оны сипаттайтын негізгі ерекшеліктері: біріншіден, авторлық мақсатқа байланысты деректер топтастырылады; екіншіден, шолушы деректер арасындағы себептік қатынастарды ашып, олардың өзара әрекеттесуін қарастырады; үшіншіден, шолу зерттеу ауқымдылығымен ерекшеленеді; төртіншіден, шолу материалы хронологиямен шектеледі. Демек, телеэкрандағы шолушы хабар үстінде: 1) мәліметтерді хабарлау кезінде

деректердің өзара байланысына зер салуы; 2) оқиға, деректердің тұтастығына көңіл қоюы. 3) біртектес деректерді жинақтап беруге үнемі көңіл аударып отырғаны қажет.

Осы жанрдың пәні – қоғамдық оқиғалар, ал мақсаты – себеп-салдарлық байланысты ашу арқылы, олардың мағынасын анықтап, болашақ дамуының тенденцияларын көрерменге ұсынады. Шолуда тек ақпараттың жедел материалын ғана қолданбай, авторлық ой логикасымен топтасатын мұрағаттық бейнематериалды қолданған жөн.

***Шолу екіге бөлінеді:***

***1. Белгілі бір уақыт кезеңіндегі әртүрлі оқиғаларды қарастыратын жалпы шолу.***

***2. Нақты мәселе саласымен (экономика, ғылым, өнер, спорт) шектелген тақырыптық шолу.***

Соңғы жылдары монологиялық сипаты бар шолудан басқа да ***шолу-диалогтар*** пайда болды. Шолушы әңгімелесушілермен бірге қоғамдық өмір аясының өзекті мәселесі жайлы әңгіме құрады. Бұл жерде телеэкранның бейнелік мүмкіндіктері қолданылады: деректі кадрлар, фотоқұжаттар, бейнебаяндар және т.б.

***Музыкалық шолу***, театр көрсетілімдеріне арналған шолу және соған ұқсас бағдарламалар жанрлық ерекшеліктері жағынан халықаралық немесе спорттық шолудан айырмашылығы жоқ. Бағдарлама тақырыбы, шолушы спецификасы ауысады, ал жанрдың сипаттық мәні сол қалпында қалады.

***Телекорреспонденция (бағдарлама)***, өзге талдамалы публицистика жанрлары сияқты телевидениеге газет пен радиодан келді. Бірақ, бұл термин телевидениеге сіңісе алмады. «Корреспонденция» орнына телевидениеде ***«бағдарлама»*** термині кең көлемде қолданылады.

Біз үшін бұл жанрдың өзіндік ерекшеліктерін тану маңызды. «Корреспонденция» очерктегі көркемдікке бармай-ақ, газеттегі «корреспонденция» секілді дәлелденген, сұрыпталған деректерді көрерменге ұсынады. Бұл жанр маңызды мәселені талдап, өңдеп барып, онысын көрерменге өте шағын көлемде ұсынады. Корреспонденция тақырыбы шексіз: ауыл шаруашылығы, өнер, кәсіпкерлік, тапқырлық, халықаралық хабарлар т.б.

Хабарлама таратуда жеке адамды көпшілік алдына алып шығатын телевизиялық публицистика жанры ішіндегі корреспонденция бұқараны толғандыратын, күрделі мәселелерді зерттеумен айналысатын

бағдарламаларда жиі қолданылады. Түптеп келгенде, телевизиялық корреспонденция газет-журналдардағы корреспонденция мен проблемалық мақалалардың экранға көшкен түрі.

Телевизиялық корреспонденция авторы-тілші кадрдан тыс қалса да, өзінің жанрлық белгілерін жоғалтпайды. Жоғалтпайтын себебі, мұндай мәтіндерді автордың өзі оқиды. Шындығында, телеэкрандағы корреспонденцияның екі толыққанды авторы болады. Олар: әдеби қызметкер мен оператор (бұлардың екеуі де журналист деген атауға лайық). Мұнда сөзден бөлек, көркемдік бейненің берілуі де маңызды. Бірақ, шетелдік телекорреспонденция бұл заңдылықтарға қарап жатпайды. Олар сөздік аспектіге басымдық береді де, көшенің бойында тұрып-ақ айтарын жұртшылыққа жеткізуді жөн көреді.

*Тележурналистиканың деректі-көркем жанрларында шығармашылық үрдіс журналистің тәсіл қолдану мәдениеттілігін айқындайды.* Оны құрайтындарға танымның әлеуметтік құбылысының жалпы методологиясы (қоғам жайлы біліктілік, журналист оны дәл жағдайға талдау кезінде қолданады) жалпы журналистік методология (журналистикадағы әлеуметтік құбылыс туралы ұғым, оның міндеті, ұстанымдары, көпшілік ақпарат қызметінің заңдылықтары), ақпаратты алу әдістері (үш қайнары: адам, ұжым, құжат, деректі іріктеу, олардың байланыстарын табу) баяндау әдісі (материалға мүмкіндігінше шыншыл түрде мінездеме беру) және кім кінәлі?, «не істеу керек» деген сұрақтарға дәлелді жауап табуы жатады.

*Телеочерк* көркем публицистика жанрларының экрандағы күрделі түрлерінің бірі. Телеочерк деректі материалды зерттеу мен әңгіменің (нақтылы әрекетті эстетикалық игеру) қосылып, біртұтастыққа айналуы болып саналады. Ол жүйелі деректі негізде құрылады. Очерк драмалық шығармаларға композициялық жақындығымен де публицистикадағы өзге жанрлардан өзгешеленіп тұрады. Осында очерк, суреттеме, эссе құбылыстарды жағымды жағынан көрсетсе, ал сатиралық жанрлар фельетон, памфлет, қоғамдағы келеңсіз көріністерді әшкерелейді.

**Қуандық Шамахайұлы, халықаралық журналист, ф.ғ.к. доцент:**

«Баспасөз құралдарының өзге түрлерінде жарияланатын сұхбаттарымен салыстырғанда **телевизия интервьюінің** өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Телесұхбатта журналист пен респондент басты рөл атқаратыны белгілі. Оның сыртында эфирден тыс олардың әңгімелерін даярлап жарыққа шығаратын шығармашылық топ, техникалық қызметкерлер тұрады. **Телесұхбат** тікелей және жазылымдық (запись) деген екі түрлі формада эфирге шығарылады. Оның өзін ішінара ток-шоу және ақпараттық сұхбат деген екі негізгі топқа бөлуге болады. Ток-шоу белгілі бір мәселені арнайы тақырып бойынша көтеріп, оны негізгі көздер арқылы анықтайды және ішкі сырларын ашып, халыққа түсіндіруді мақсат етеді. Ал, ақпараттық сұхбаттың мақсаты – оқиға, көріністер жайында ресми ақпарат көздерінен

мәселенің мәнін нақтылайды, тақырыпты жан-жақты айшықтайтын сұрақтар арқылы көрерменге кең мағлұмат беруді мақсат етеді (Юровский А.Я. Основы телевизионной журналистики. с.68-88)».

Алайда, тақырып түрлерінің қандай екендігіне қарамастан **телесұхбат** жасаушы журналист өз командасымен яғни, оператор, режиссёрлерімен қоян-қолтық жұмыс істеуге тиіс. Себебі, сұхбат жүргізу тізгіні журналистің қолында болғанымен, команданың өзге мүшелеріне телехабардың мазмұнын, маңыздылығын түсіндіріп алдын ала пысықтап қоймаса жазылым барысында түсінбестіктің туындауы ықтимал. Оның өзі телесұхбаттың сәтті шығуына көлеңкесін түсіруі мүмкін. Сондықтан, телесұхбат басталмай тұрып, журналист, оператор, режиссёр үшеуінде де тақырыптың мазмұны жайында нақты әрі біртұтас ұғым қалыптасқан болуға тиіс. Телевизия сұхбаттары ақпараттық немесе проблемалық ток-шоудың қай түрінде өтсе де, мейлі, тікелей эфир ме жазылымдық па дегеніне қарамастан қойылатын талаптар ортақ. Олай болса, сұхбат тақырыбы, мазмұны мен маңыздылығына қарай журналист пен респонденттің интервьюге қатысты бейне сюжеттерін қалай түсіруді, оларды сұхбаттасу кезінде қандай сәтте эфирге қалай шығаруды телережиссёр шешеді. Сюжетке лайықты музыка, дауыс, дыбыс жағын дыбыс режиссёрі мен операторлары продюсермен, режиссёрмен ақылдаса отырып реттейді. Осындай шығармашылық топтың идеялары ортақ мүддеге тоғысып, бір жерден шыққанда ғана телеөнім толыққанды түрде көрермен қауымның сұранысын өтей алады.

**Әр сөз жанрларының өзіне тән ерекшеліктері бар.** Функционалды стильдердің ішіндегі публицистикалық стильдегі сөз жанрларын алып қарастырайық. Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының әрқайсысының өзіне тән ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Публицистикалық стильге жататын сөз жанрларының ұқсастықтары қоғамда болып жатқан оқиғаларды халыққа жылдам жеткізуді қамтамасыз етеді, жазылған немесе айтылған пікірдің шындығына оқырманның көзін жеткізіп қана қоймайды, сол берілген оқиға туралы көпшіліктің көзқарасын қалыптастырады. Публицистикалық стильдің жанрлары әртүрлі болғанмен, сипаты ортақ, тілдік бірліктерді таңдауы ұқсас, бірақ ықпал етуінің сапасы әр деңгейде болады. Ең бастысы, публицистикалық стильдің маңызды міндеті өмірде болып жатқан оқиғаларды тез жеткізу, мәнін ашу, баға беру, халыққа ықпал ету сияқты коммуникативтік-прагматикалық қызмет атқаратын диапозонды кең стиль түрі болғандықтан, сөз жанрлары да көбейе түседі. Ал айырмашылығы – көлеміне, берілетін хабардың мазмұнына, көкейкестілігіне, айтушының проблеманы қандай дәрежеде жеткізуі сияқты прагматикалық бағдарына байланысты, сондықтан жанрлар тобы шоғырланып, өзінің маңыздылығын тағы да алға шығарып отырады.

### ***Сұрақтарға жауап беріңіз?***

- 1.Теледидар тілінің стилі мен ерекшелігі туралы айтыңыз?*
- 2. Қазақ журналистикасын зерттеген ғалымдарды атаңыз?*

3. Қазақ телевизиясының тұңғыш комментаторы және репортёрі кім?
4. Жанр дегеніміз не?
5. Телеақпарат дегеніміз не?
6. Бейнесюжет ерекшелігін атаңыз?
7. Телешоу жанрдың қай түріне жатады?
8. Телекорреспонденция (бағдарлама) туралы айтыңыз?
9. Телеочерк жанрдың қай түріне жатады?
10. Публицистикалық стиль жанрларының басты мақсаты қандай?

### Әдебиеттер

1. Әлкебаева Д.А. «Сөз мәдениеті». – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 196 б.
2. Қожакеев Т. «Жас тілшілер серігі». – Алматы: Рауан, 1991. – 223 б.
3. Исақұлова Ш. «Газеттегі шағын жанрлардың тілі». фил. ғыл. канд...автореф. – Алматы, 2010 – 32 б.
4. Тұрсын Қ. «Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары». – Алматы: Білім, 2006. – 352 б.
5. Әлкебаева Д.А. «Қазақ тілінің публицистикасы»: Оқу құралы. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 258 б.
6. Ерназарова Г.Ш. «Қазақ публицистика тілінің дамуындағы А.Байтұрсынұлы кезеңі»: филол. ғыл. канд...автореф. – Алматы, 2004. – 28 б.
7. Жақсыбаева Ф.З. «Газет мәтінінің прагматикалық функциясы: филол. ғыл. канд...автореф. – Алматы, 2000. – 31 б.
8. Грабельников А.А. «Работа журналиста в прессе»: Уч. пособие. – М.: Изд. РИП-холдинг, 2001. – 274 с.
9. Бахтин М.М. «Проблема речевых жанров». – М.: Прогресс, 1979. – 456 с.
10. Б. Рүстембекова. «Публицистикалық стильдегі сөз жанрларының прагматикалық аспектісі». Алматы. ҚазҰУ Хабаршысы, 2014
11. <https://thelib.info/ekonomika/428505-baspas-1257-z-tilini-1187-zhalpy-m-1241-seleleri/>
12. <https://www.minber.kz/2012/02/quandyq-shamahajuly-teleefirde-qalaj/>